



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 241 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Бағдарламаны іске асыруға жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;

2) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне:

1) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25-күніне дейін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат;

2) жартыжылдықта бір рет, 2022 жылғы 15 шілдеге дейін және 2023 жылғы 15 қаңтарға дейін "Үкімет қызметінің негізгі бағыттары және оның аса маңызды барлық шешімдері туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан Республикасының Президентіне баяндамасының жобасын ұсынып тұрсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 25 сәуірдегі
№ 241 қаулысымен
бекітілген

ҮКІМЕТТІҢ 2022 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ БАҒДАРЛАМАСЫ Мазмұны

Кіріспе

1-міндет. Бағаның өсуін бақылауды күшейту

2-міндет. Фискалдық тәртіп пен ашықтықты қамтамасыз ету

2-тарау. ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

3-міндет. Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру

4-міндет. Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту және кәсіпкерлікті дамыту

5-міндет. Орта және жоғары қайта бөліністер өнімдерін өндіру жөніндегі жобаларды іске қосуды қамтамасыз ету

6-міндет. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

7-міндет. Өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды ендіру

3-тарау. АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ

8-міндет. Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ғылымды дамыту

9-міндет. Сапалы медициналық көрсетілетін қызметтермен жаппай қамтамасыз ету және экологиялық жағдайды жақсарту

10-міндет. Мәдени мұраны танымал ету және бұқаралық спортты дамыту

11-міндет. Азаматтарды әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету

12-міндет. Жастарды жұмысқа орналастыру және қолдау мәселелерін шешу

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

13-міндет. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру

14-міндет. Мемлекеттік саясатта азаматтық қоғамның рөлін арттыру

15-міндет. Құқық қорғау қызметі мен арнайы қызметтердің тиімділігін арттыру

Түйінді көрсеткіштер

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) мақсаты елдің орта мерзімді кезеңге арналған жаңа экономикалық бағытының негіздерін іске қосу болып табылады, бұл азаматтарды лайықты жұмыспен қамтамасыз ету және олардың әл-ауқатын арттыру жөніндегі тетіктерді әзірлеу мен енгізуді болжайды. Қазақстан халқы өзінің және балаларының болашағына сенімді болуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған саясаты азаматтар, кәсіпкерлер, инвесторлар жаңа экономикалық парадигма шеңберінде өздерінің ұзақ мерзімді жоспарларын іске асыруға сенімді болатындай макроэкономикалық тұрақтылық үшін жағдай жасауға бағытталған.

Жаңа экономикалық бағдарды іске асырудағы жетекші рөл бастамашыл, күшті, бәсекеге әзір және бір мезгілде әлеуметтік жауапты бизнеске тиесілі. Отандық бизнес шетелдік инвестицияларды тартудың негізгі өзегі болуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы одан арғы мемлекеттік экономикалық саясатты құруға негіз болатын мынадай қағидаттарды айқындайды:

1) мемлекетпен қаржылық қатынастар және мемлекеттік қолдау алатын барлық компаниялар үшін түпкі бенефициарлар туралы ақпаратты ашу бойынша талаптарды белгілеу арқылы мемлекеттік реттеу мен экономикаға қатысудың толық ашықтығы;

2) мемлекеттік активтерді басқару тиімділігі;

3) мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекеттік бюджеттің пайдасына, сайып келгенде азаматтар мен қоғамның пайдасына қайтарымын арттыру (ұлттық

компаниялардың жұмысы тиімділікті арттыру міндетін негізге ала отырып, оның ішінде осы компаниялар акцияларының пакеттерін биржаға орналастыру арқылы жақсартылатын болады, бұл ақпараттың ашылуын және олардың қызметінің тиімділігін жария бақылауды қамтамасыз етеді);

4) тұтынушылар мен жұмыскерлер мүдделерінің басымдығы (еңбекке қабілетті әрбір азамат экономикада бір уақытта түйінді екі функцияны – тұтынушы және жұмыскер функциясын орындайды және осы қағидатты ескере отырып, салалық саясаттар мен реттеудің кең спектрін, сондай-ақ әлеуметтік саясатты қозғайтын шаралар көзделетін болады).

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Бағдарлама шеңберіндегі іс-қимылдарға төрт бағыт бойынша кірісті: макроэкономикалық тұрақтылық, экономиканы әртараптандыру, адами капиталды дамыту және мемлекеттік басқару.

1-тарау. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету – экономикалық өсудің, бизнесті дамытудың, азаматтардың табысымен және әл-ауқатын ұлғайтудың қажетті шарты.

1-міндет. Бағаның өсуін бақылауды күшейту

Инфляциямен күрес

Қазақстан Республикасының Үкіметі монетарлық емес инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі, оның ішінде:

импортқа тәуелділікті төмендету бойынша;

өндірушіден бастап тұтынушыға дейін тиімсіз делдалдардың санын азайту бойынша;

акша-кредит саясатының құралдарын пайдалану;

ӘМАТ бағаларын реттеу және тауарлардың тапшылығына жол бермеу бойынша жоспарлы жұмысты жалғастырады.

"Айналым схемасын" қаржыландыру және тұрақтандыру қорларын қалыптастыру бағаларды тұрақтандыру бойынша негізгі нарықтық тетіктерді қолдана отырып, 140 млрд теңгеге дейін жеткізілетін болады.

2022 жылғы желтоқсанда ұлттық тауар өткізу жүйесін құрудың бірінші кезеңін іске асыру көзделген.

Электр энергиясы, газ және мұнай өнімдері салаларындағы ахуалды тұрақтандыру шеңберінде Жамбыл ГРЭС-іне қазіргі тарифті сақтай отырып, қолданыстағы шарттардан тыс қосымша 2022 жылға 515 млн текше метр газ беру көзделген.

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілетін болады, олар:

уәкілетті органға сұйытылған мұнай газын ішкі нарықта электрондық сауда алаңдарынан тыс тарату құқығын беруді;

сұйытылған мұнай газын көтерме және бөлшек саудада өткізетін 150-ден астам субъектісі бар жергілікті атқарушы органдарға оны көтерме және бөлшек саудада өткізу субъектілері арасында бөлу тетігін әзірлеу өкілеттіктерін беруді;

автогаз құю станцияларына, газ желісі ұйымдарына, газ толтыру пункттері мен газ толтыру станцияларына сұйытылған мұнай газын электрондық сауда алаңдарынан тыс сатып алу құқығын беруді;

көтерме баға белгілеудің бірыңғай әдістемесін әзірлеуді көздейді.

Өнімсіз делдалдардың санын қысқарту арқылы жанар-жағармай материалдарын өндіру және тарату жүйесін реформалау жөніндегі шаралар кешені іске асырылуда.

Сондай-ақ мынадай шаралар іске асырылатын болады:

халықтың мұқтаж санатын жеке топқа бөлу жолымен коммуналдық төлемдерді төлеу кезіндегі тұрғын үй көмегінің тетіктерін жетілдіру;

2-міндет. Фискалдық тәртіп пен ашықтықты қамтамасыз ету

Өндірушілер мен делдалдар маржасының бір бөлігін бюджет пайдасына алып қою мұнай өнімдеріне акциздер мөлшерлемелерін ұлғайту және шекті бөлшек сауда бағасын белгілеу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі және кешенді реформалау жүргізілетін болады:

салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті деңгейге беру;

республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайту;

өңірлерге республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттерін бөлу жөніндегі тәсілдерді қайта қарау;

жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру.

Үнемді бюджет саясатының тәсілдері енгізілетін болады.

Кедендік әкімшілендірудің тиімділігі артады. Цифрландыру және кеден бекеттеріндегі проблемаларды шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары кеден жүйесінің бүкпесіздігін және бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақтандыру үшін электрондық аудит кеңейтіліп, бөлінетін бюджет қаражаты мен Ұлттық қор қаражатының нысаналы және тиімді пайдаланылуын бақылау күшейтілетін болады.

Бюджет қаражатын пайдаланудың бүкпесіздігі мен тиімділігін арттыру мақсатында бизнесті мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау енгізілетін болады.

2-тарау. ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі жобаларды прагматикалық таңдау, ресурстарды ұтымды пайдалану және қабылданатын шешімдердің дәйектілігі қағидаттарын негізге ала отырып, экономиканы әртараптандыру – шикізаттық тәуелділіктен арылу жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Елдің ресурстық әлеуетін ашу бойынша үлкен міндет тұр: геологиялық барлау жұмыстарын жаңа форматта жүргізу, су резервін және ауыл шаруашылығына жарамды жерлерді ұқыпты пайдалану.

Табыстағы, жұмыс орындарының қолжетімділігіндегі, азаматтардың өмір сүру сапасындағы – тұрғын үйдің, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымның болуы – өңірлік сәйкессіздік өңірлік саясатты қалыптастырудың жаңа тәсілдерін талап етеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі көрсетілетін қызметтердің ең көп саласында құрылымдық өзгерістер болып, талдамалық ойлау мен инновацияларға қабілеттілік, күрделі проблемаларды шешу дағдылары талап етілетін жұмыс орындарының құрылуы үшін цифрландыруды, креативті индустрияларды, қаржы нарықтарын, логистиканы, туризмді, бөлшек сауданың ресми форматтарын дамытуды ынталандыратын болады.

Бәсекелестікті дамыту, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, мемлекетпен жұмыс істеудің ашық қағидалары және оның экономикадағы үлесін азайту – инвестициялық саясаттың негізгі басымдықтары.

Орнықты даму қағидаттары, қоршаған ортаға жауапты көзқарас, жоғары әлеуметтік жауапкершілік, тең құқықтылық, корпоративтік басқарудың жоғары сапасы – 2022 жылы бекітілетін Инвестициялық саясат тұжырымдамасына қойылатын жаңа талаптар.

3-міндет. Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру

Инвестициялық саясат

Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңа инвесторларды тарту және жұмыс істеп жүргендерін ұстап қалу, елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша жұмысты жалғастырады.

Инвестициялық жобалардың бірыңғай пулы қалыптастырылып, оның қоғамдық мониторингі қамтамасыз етіледі, сондай-ақ шикізатқа қатысы жоқ секторларда шетелдік инвесторлардың қатысуымен кемінде 35 жобаны пайдалануға беру қамтамасыз етіледі.

Пайдаланылмайтын кен орындарын одан әрі игеру мақсатында оларға жергілікті және шетелдік инвесторларды тарту арқылы тексеру жүргізілетін болады.

Арнайы экономикалық аймақтар мен олардың басқарушы компаниялары қызметінің тиімділігі артады.

Жер қойнауын пайдалану саласына инвестицияларды ынталандыру және тарту мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне рәсімдерді оңайлату, келісімшарттардың бүкпесіздігін қамтамасыз ету және талаптарын өзгерту бөлігінде өзгерістер енгізу;

Шетелдік инвесторлар кеңесімен бірлесіп фискалдық, реттеушілік және өзге де преференцияларды қолдануды көздейтін жақсартылған модельдік келісімшартты енгізу

Әлеуетті инвесторлармен келіссөздер жүргізіледі және қуаты жылына 2 млрд текше метр Қашаған газ өңдеу зауытын базалық жобалау басталады.

Маңғыстау облысында жаңа газ өңдеу зауытын жобалау және салу үшін ЕРС-келісімшарт жасалады.

ESG талаптарын күшейту, жаһандық энергетикалық және технологиялық ауысу жағдайында елдің тартымдылығын арттыру үшін Инвестициялық саясат тұжырымдамасы қабылданады.

Квазимемлекеттік сектор компанияларын шетелдік юрисдикциялардан АХҚО алаңына кезең-кезеңімен көшіру жүзеге асырылатын болады, сондай-ақ шетелде квазимемлекеттік компаниялардың құрылымдарын құруға шектеулер белгіленеді.

4-міндет. Мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту және кәсіпкерлікті дамыту
Мемлекет иелігінен шығару және жекешелендіру

Мемлекеттің экономикаға қатысуын одан әрі қысқартуды қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

1) мемлекет үшін тиімділік пен жалпы әлеуметтік-экономикалық қайтарымды арттыруға (портфельдік компаниялардың санын, шетелдік консалтингке шығындарды азайту) назар аудара отырып, "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ мен оның портфельдік компанияларын түбегейлі реформалау;

2) ашықтықты арттыру, ШОБ жобаларын қаржыландыруды ұлғайту және корпоративтік басқаруды оңтайландыру бөлігінде Қазақстан Даму Банкінің қызметін реформалау;

3) мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының негіздері мен шарттарын қысқарту.

Кәсіпкерлікті дамыту және бәсекелестік

2022 жылы міндетті талаптар тізілімін құру міндеті тұр.

"Атамекен" ҰКП құрылымы мен реттеушілік қызметіне оның ШОК-ты дамытудағы тиімділігі тұрғысынан талдау жүргізілетін болады.

Даму институттарын мемлекеттік қолдау шаралары капиталды көп қажетсінетін жобаларды алып тастау, сондай-ақ ірі кәсіпкерлік субъектілері есебінен өңірлерде шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталатын болады.

Қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ШОК-қа назар аударыла отырып, бизнесті жеңілдікті қаржыландыруды ұсыну тетігі қайта қаралатын болады. Өңірлік деңгейде, моно-, шағын қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін салалық шектеулер алып тасталады.

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ-ның сатып алу тәртібі бір көзден сатып алуды кемінде 30 %-ға қысқарту бөлігінде қайта қаралатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі халықтың нәтижелі жұмыспен қамтылуын ұлғайтуға және оның қызметінің транспаренттілігін арттыруға назар аудара отырып, мемлекеттік қолдау алатын бизнестің қарсы міндеттемелерін қайта қарайды.

Тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын, сондай-ақ халықтың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін арттыру мақсатында экономикадағы техникалық реттеудің рөлі мен функциялары күшейтілетін болады.

Құрылыс нарығын монополиясыздандыру және оны бәсекелі дамыту жөніндегі шаралар топтамасы қабылданатын болады.

5-міндет. Орта және жоғары қайта бөліністер өнімдерін өндіру жөніндегі жобаларды іске қосуды қамтамасыз ету

Индустрияландыру, құрылыс және инфрақұрылым

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1 %-дан 9 %-ға дейін бюджеттік кредиттер бөліп, сондай-ақ жеке нарықтан және басқа көздерден қаражат тарта отырып, өңдеу өнеркәсібінің экспортқа бағдарланған және импортты алмастыратын жобаларын қаржыландырудың тиімді тетігін әзірлейді.

Өңдеу өнеркәсібінде құрылыс саласының, металлургия мен машина жасаудың ірі кәсіпорындары айналасында ШОК-ты дамыту бойынша жағдайлар жасалатын болады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуындағы тауарлар үлесін ұлғайту үшін мұнай саласына қажетті жаңа өндірістерді, оның ішінде "Шеврон" тікелей инвестициялар қорынан қаржыландыру тетігі арқылы оқшаулау жүзеге асырылатын болады

2022 жылы қуаты жылына 500 мың тонна болатын полипропилен өндіру зауыты пайдалануға беріліп, технологиялық режимге шығу қамтамасыз етіледі.

Қуаты тиісінше жылына 1 250 мың тонна және 186 мың тонна полиэтилен мен бутадиен жобаларын базалық жобалау басталады.

Шетелдік зауыттарда оқыту және тағылымдамадан өткізу арқылы инженерлік-техникалық кадрлардың әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар кешені көзделген.

Жер қойнауын пайдаланушылардың кейіннен қайта бөліністер жобаларын іске асыратын отандық қайта өңдеу кәсіпорындары үшін ішкі нарыққа шикізатты Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларға сәйкес айқындалған баға бойынша беру міндеттемесі заңнамалық түрде пысықталуда.

Өнеркәсіп орындарының инфрақұрылымға (жер, электр, газ, су) тең қол жеткізуі қамтамасыз етілетін болады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың, АТ-компаниялардың, инвесторлардың, стартаптардың және венчурлік қорлардың өзара іс-қимылы үшін цифрлық платформа (маркетплейс) іске қосылады.

Сыртқы нарықтарға бағдарлануды қамтамасыз ету үшін отандық QazVac вакцинасын ілгерілету бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Құрылыс сапасын арттыру және барлық кезеңдерде құрылыс жұмыстарын мониторингтеу үшін "e-Quzulys" бірыңғай порталы енгізіледі, сондай-ақ мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын әлеуметтік объектілер құрылысының шекті құны белгіленеді.

Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғын үй үшін төлемнің бір бөлігін субсидиялау жалғасады. Кезекте тұрған 70 мың адам жалдамалы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Қалаларда кешенді құрылыс салудың жаңа стандарттарына сәйкес инженерлік инфрақұрылымды, тұрғын үй қорын жаңғыртуды және абаттандыруды қоса алғанда, елді мекеннің орамдарын, аудандарын жайластыру кезінде кешенді тәсіл әзірленетін болады.

Ақтау және Жаңаөзен қалаларында пилоттық режимде қалалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі тұжырымдамалар іске асырылатын болады.

Коммуналдық көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығыстарды есепке алуды бақылау мақсатында ТКШ саласында бірыңғай цифрлық жүйе ("Е-шаңырақ") құрылатын болады.

Өңірлерді дамыту

Astana Hub бренді негізінде стартаптарды қолдау жөніндегі 5 өңірлік технопаркті іске қосу жүзеге асырылады.

Ауылдық аумақтардың инфрақұрылымына жыл сайынғы инвестициялар 550 млрд теңге көлемінде қамтамасыз етіледі.

"Ауыл – Ел бесігі" жобасының шеңберінде 2022 жылы мынадай шаралар іске асырылатын болады:

батыс және оңтүстік облыстарда қосымша 20 млрд теңге бөле отырып, әлеуметтік-мәдени және спорттық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі жобаларды қаржыландыру;

өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес келу мақсатында "Ауыл – Ел бесігі" жобасының шеңберінде тірек және серіктес ауылдарды жаңғырту.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген мамандар үшін жағдай жасайды.

"KEGOC" АҚ "500 кВ әуе электр беру желілерін салу арқылы ҚР БЭЖ оңтүстік аймағының электр желілерін күшейту" жобасын іске асыруды бастайды. Нәтижесінде Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарының электр желілерінің өткізу қабілеті 1 100 МВт-тан 1 600 МВт-қа дейін артады.

Қосымша 247 МВт электр қуатын іске қосу үшін 4 электр станциясы (Ақтөбе ЖЭО, Риддер ЖЭО, Топар ГРЭС, Sagat Energy ГПЭС) реконструкцияланып, кеңейтілетін болады.

Бір агломерацияның құрамына кіретін жергілікті атқарушы органдар арасындағы үйлестіру мен өзара іс-қимылды жақсартуға бағытталған "Агломерацияларды дамыту туралы" Қазақстан Республикасының Заңы әзірленетін болады.

Моноқалалардың экономикасын қолдау үшін 86 "зәкірлік" инвестициялық жоба іске асырылатын болады, оның ішінде 19 жоба тау-кен металлургиясы өнеркәсібінде, 19 – химия өнеркәсібінде, 18 – АӨК-те, 18 – құрылыс индустриясында, 12 – машина жасауда.

Су кодексі жаңа редакцияда әзірленетін болады.

Логистика және сауда

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы тасымалдар құнын төмендету, оның ішінде тауар өндірушілердің логистикалық шығындарын азайту үшін бірқатар шаралар қабылдайтын болады.

Отандық өнеркәсіп орындарының базасында стандартты және "open-top" контейнерлер өндірісін жолға қою жөніндегі ұйымдастыру жұмысы экспорт кезінде контейнерлік тасымалдар үлесін 30 %-ға дейін ұлғайтуға және көлік шығыстарының үлесін 4 %-ға төмендетуге мүмкіндік береді.

2022 жылы Достық – Мойынты және Дарбаза – Мақтаарал учаскелері, сондай-ақ Алматы қаласының айналасындағы айналма теміржол желісі бойынша ірі инвестициялық жобалар басталады. Бұл учаскелердің өткізу қабілетін 5 есеге арттырып, Алматы торабының жүктемесін 30 %-ға азайтады.

Ұлттық электрондық сауданы дамытудың тиімді шаралар кешені әзірленеді, оның ішінде статистикалық есепке алу әдістемесі жетілдіріледі.

Мемлекеттік кепілдік лимитін 210 млрд теңгеге ұлғайту есебінен экспорттаушылардың сақтандыру келісімшарттары 2,5 есеге ұлғайтылады.

6-міндет. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

АӨК-ті дамыту

Ауыл шаруашылығы – экономиканың басты басымдығы және перспективалы салаларының бірі. АӨК-ті қарқындату Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және елдің экспорттық әлеуетін ұлғайту жөніндегі міндеттерді шешуге тиіс.

Мемлекеттік қолдау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оның шағын және орта шаруашылықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін қарсы міндеттемелерді белгілей отырып, субсидиялау тетіктері жетілдірілетін болады.

Сақтандыру сыйақысын субсидиялау нормативін 50 %-дан 80 %-ға дейін ұлғайту сақтандырумен қамтуды ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Субсидиялаудың бірыңғай тегін ақпараттық жүйесі енгізілетін болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажырату, процестерді цифрландыру бөлігінде ветеринария жүйесіне реформа жүргізеді.

Рентабельділігі жоғары алқаптарды (майлы, көкөніс, бақша, жемшөп дақылдарын) ұлғайту және суды көп қажет ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын (күріш, мақта) қысқарту мақсатында өсімдік шаруашылығында әртараптандыру жүргізіледі.

Жер деректерін цифрлау жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады.

7-міндет. Өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды ендіру

Цифрландыру және байланыс

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заманауи сын-қатерлер жағдайында негізгі міндеттері – цифрландыру жөніндегі міндеттерді іске асыру, өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды ендіру.

Перспективалы ауылдық елді мекендерде "цифрлық теңсіздікті" жоққа шығару үшін мобильді Интернеттің сапасы арттырылатын болады.

Мобильді байланыстың бесінші буын (5G) технологияларын іске қосу жүзеге асырылады.

Халықты мобильді құрылғылар арқылы орталықтан шұғыл жаппай хабардар етудің автоматтандырылған жүйесі енгізілетін болады.

Геостационарлық емес спутниктік байланыс жүйелерінің жұмысы іске қосылады.

Телекоммуникациялар нарығында бәсекені қамтамасыз ету үшін "Қазақтелеком" АҚ компаниялар тобы бір ұялы операторды өткізу (сату) арқылы кезең-кезеңімен монополиясыздандырылып, екінші ұялы оператордың қызметін "Қытай қабырғасы" қағидаты бойынша реттеу қамтамасыз етілетін болады.

Аэроғарыш қызметі

Қазақстан Республикасының Үкіметі экономиканың барлық аялары мен салаларында ғарыштық мониторингті қолдануды бекіту жөніндегі заң жобасын әзірлейді.

2022 жылы "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін құру бойынша жобалық жұмыстар іске асырылатын болады.

Креативті экономика

Креативті индустрия – экономиканың зияткерлік қызметке негізделген, тез дамып келе жатқан жас секторы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі креативті индустрияларды реттеу (ұғымы және сыныптамасы) бойынша заңнамалық түзетулер енгізетін болады.

3-тарау. АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ

Болашақ қазақстандықтардың портреті – ауқатты, білімді, дені сау және ұйымшыл адамдар. Барлық құрамдауыштар маңызды және өзара байланысқан.

Әл-ауқат – тұрақты табыс адамға ұзақ мерзімді жоспарлар құруға, әлеуметтік қорғалуды сезінуге мүмкіндік береді және ойлау құрылымын өзгертеді.

Білімділік – өмірде жақсырақ бағдарлануға мүмкіндік береді, тұлғаның дамуы мен қоғам прогресінің үздіксіз процесі саналылық пен өзіне өзі қамқор болуды арттыру арқылы денсаулыққа әсер етеді.

Салауатты және ұзақ өмір – кәсіби өнімділіктің негізі.

Өмір сүру ұзақтығы жеке қауіпсіздіктің маңызды элементтерін де қамтиды: таза ауа мен су, пайдалы тамақ, сондай-ақ қылмыстар мен оқыс оқиғалардың болмауы.

Ұйымшылдық – бір ұжымға тиесілілік сезімі. Мұндай сапа иелері – мемлекеттіліктің негізі болып табылатын орта тап. Қазіргі уақытта оның үлесі 30 %-дан аз, ал ең төмен мақсат – 50 %-дан артық болу.

Қазақстан қоғамы әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан, тілдік, діни қалаулары жағынан біртекті емес. Ұйымшыл азаматтар қоғамын қалыптастыруға және мемлекеттік саясаттарды өзгертуге басқа көзқарас қажет.

8-міндет. Сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ғылымды дамыту

Білім беру саласын дамыту

Балаларды ерте жастан дамыту саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру балаларды дамытуға қатысты біртұтас тәсілді қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің ағымдағы жұмыс істеу моделі қайта қаралатын болады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда 30 мыңнан астам жаңа орындар ашылып, қаржыландырудың атаулылығы қамтамасыз етіледі, бірыңғай кезектілік базасын құру арқылы кезектіліктің қайталануы алып тасталады.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды ерте диагностикалау және түзету үшін жағдайлар жасалады, мүмкіндіктері шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамту ұлғаяды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі білім беру сапасында алшақтығы көп және кадрлар тапшы өңірлерге үздік педагогтерді тарту үшін жағдай жасайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін отбасылық орналастырудың баламалы нысаны – баланы қабылдайтын кәсіптік отбасы енгізіледі.

Экономика қажеттіліктері мен жастарды жұмысқа орналастыру үшін кәсіпқой кадрлар даярлау сапасының мәселесін шешуде Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы мынадай шараларды іске асыратын болады.

Өзгерген болмыс пен озық білім беру практикасына сәйкес салалық біліктілік шеңберлері мен "Педагог" кәсіптік стандарты әзірленеді.

Жұмыс берушілер колледждерде алдын ала жұмысқа орналастырылатын жұмысшы кәсіптерді даярлауға тартылады.

Жастарды, оның ішінде NEET санатындағы және әлеуметтік осал санаттағы жастарды тегін ТЖКБ-мен қамту кеңейтіледі.

Жастарға үздік ЖОО-ға қолжетімділік беру үшін 2022 жылы беделді шетелдік университеттің 1 филиалы, 2025 жылға қарай – кемінде 5 филиалы ашылады.

Инженерлердің, өнеркәсіпшілердің жаңа буынын даярлау үшін техникалық мамандықтарға арналған гранттар жалпы көлемнің 40 %-ынан 60 %-ына дейін қайта бөлінеді, сондай-ақ "Болашақ" бағдарламасы қайта форматталады.

Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан мамандандырылған және әскерилендірілген ұйымдар қызметкерлері балаларының кәсіптік білім алуы үшін жағдайлар жасалатын болады.

Ғылымды дамыту

Ғылым – қоғамдық прогрестің – қоғамның әл-ауқатын арттырудың қозғаушы күші.

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар енгізіледі.

Ғылыми-зерттеу институттарының материалдық-техникалық базасын жаңғырту жөніндегі жұмыс жалғасады.

Венчурлік ерте қаржыландыру қорын іске қосу жүзеге асырылатын болады.

9-міндет. Сапалы медициналық көрсетілетін қызметтермен жаппай қамтамасыз ету және экологиялық жағдайды жақсарту

Денсаулық сақтау саласын дамыту

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы азаматтарға сапалы медициналық көмектің қолжетімділігіндегі теңгерімсіздікті түзету жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Шалғайдағы ауылдық елді мекендер жылжымалы медициналық кешендерді тарта отырып, медициналық көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етіледі.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмекті дамыту үшін 70 гериатриялық кабинет ашылады, үйде көрсетілетін медициналық қызметтердің саны артады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болғызбау мақсатында медициналық техниканы орталықтандырылған сатып алуға көшу қамтамасыз етілетін болады.

"Ақпарат пациентке ілеседі" қағидатын іске асыру жолымен электрондық денсаулық сақтау саласындағы функцияларды реинжинирингтеу жүзеге асырылады.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметті жаңғырту үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

кадрлық әлеуетті арттыру;

бақылау және қадағалау саласында жаңа реттеушілік саясатқа көшу;

материалдық-техникалық базаны жаңғырту;

жаңа биологиялық және фармацевтикалық препараттарды әзірлеу, сынақтан өткізу және ендіру.

Экологиялық жағдайды жақсарту

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділерін азайтуға, қалдықтар мен су ресурстарын басқару

жүйелерін жетілдіруге, көлдерді қалпына келтіруге бағытталған шараларды іске асыруды жалғастырады:

Қарағанды облысында "Арселор Миттал Теміртау" АҚ-та агломерациялық, көмір дайындау цехтарында және әктасты күйдіру цехында газ тазалау жабдығы мен автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу;

Нұр-Сұлтан қаласын газдандырудың екінші кезегін іске асыру;

Алматы агломерациясының 3 елді мекенін газдандыру;

сарқынды суларды ағызу көлемін азайту;

технологиялық қажеттіліктер үшін тұщы суды тұтынуды қысқарту;

кәбілді-өткізгіш өнімге арналған кәдеге жарату алымының мөлшерлемелерін қайта қарау және оны алу мерзімдерін ауыстыру.

10-міндет. Мәдени мұраны танымал ету және бұқаралық спортты дамыту

Қазақстанның бай мәдени мұрасы бүкіл әлем жұртшылығы үшін қызығушылық тудырады, Қазақстан Республикасының Үкіметі мынадай шараларды іске асыру:

ежелгі Бозоқ қалашығының археологиялық қазба жұмыстары негізінде ұлттық парк құру;

республикалық музей-қорықтардың аумағында 5 визит-орталық (Есік, Сарайшық, Гаухар ана, Ордабасы, Сауран) салу арқылы өткен ұрпақтар жасаған материалдық және рухани мәдениетті танымал етуге және олардың елдің барлық азаматтары үшін қолжетімді болуына ықпал ететін болады.

Бұқаралық спортты дамыту және спорттық резервті қалыптастыру мақсатында аса мұқтаж өңірлерде 10 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және Халықаралық спорт кластерін құру арқылы спорттық инфрақұрылымды кеңейту жөнінде шаралар қабылданатын болады.

11-міндет. Азаматтарды әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету

Әлеуметтік қамсыздандыру адамның негізгі құқығы – өмір сүру құқығымен тығыз байланысты.

Әлеуметтік құқықтарды жүйелеуді, жұмыссыздықты және масылдық көзқарастарды азайту тетіктерін қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі әзірленеді.

Зейнеткерлер әл-ауқатының деңгейін арттыру үшін 2028 жылдан бастап базалық зейнетақыны ең төмен кепілді зейнетақыға айналдыру жөніндегі шаралар қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі халықтың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуының қолайлылығы мен жеделдігі үшін әлеуметтік төлемдердің 8 түрін реинжинирингтеу және трансформациялау жөніндегі жұмысты жалғастырады.

Көрсетілетін қызметтердің ашықтығын арттыру және қолжетімділігін дамыту үшін мүгедектікті сырттай белгілеуді енгізу қамтамасыз етіледі.

Азаматтардың борыш жүктемесін және қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті төмендету мақсатында "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленетін болады.

Халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамалық бастамалардың 2-топтамасы әзірленеді.

12-міндет. Жастарды жұмысқа орналастыру және қолдау мәселелерін шешу
Еңбек және жұмыспен қамту

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылы Халықтың табысын арттыру бағдарламасын әзірлейді.

Халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін дағдыларды дамыту, бос орындарға жұмысқа орналастыру, жұмыс орындарын субсидиялау және кәсіпкерлікті қолдау арқылы 700 мың азаматты жұмысқа орналастыру үшін жағдай жасалатын болады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін, көп арналылығын және сапасын арттыру мақсатында enbek.kz электрондық еңбек биржасы базасында жұмыспен қамтудың бірыңғай цифрлық экожүйесі құрылады.

Отандық кадрларды, әсіресе жастарды жұмысқа орналастыру басымдығын ескере отырып, шетелдік жұмыс күшін тарту тәсілдері қайта қаралады.

Жастарды мемлекеттік қолдау

Қазақстан – жас ұлт. Жастарды қолдай отырып, елдің орнықты болашағы қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қоғамдық пікірді ескере отырып, 2021 – 2025 жылдарға арналған жастарды қолдау жөніндегі кешенді жоспарды әзірлейді.

Жастар ресурстық орталықтары, ҮЕҰ және спорт федерациялары жанынан ағартушылық және спорттық жастар клубтары құрылатын болады.

Мультимедиалық тәсіл енгізіліп және әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен оларды әскерге даярлауға қатысты жаңа тәсілдер енгізіледі.

NEET санатындағы жастармен және әлеуметтік жағынан осал жастармен жұмыс аясында шаралар кешені іске асырылады, атап айтқанда, жастармен жұмыс жөніндегі бөлімдер, өңірлік есепке алу базасы құрылады, сондай-ақ нәтижелі жұмыспен қамтуға тарту бойынша атаулы жұмыс жүргізіледі.

Бизнесті және әлеуметтік жағынан осал жастарды қолдау үшін жұмысқа орналастыру бойынша 1 000 грант ұсына отырып, "Zhas project" жастар корпусын дамыту жөніндегі пилоттық жоба іске асырылатын болады.

Ғылым, өнер, медиа, АТ саласындағы жастар бастамаларына арналған гранттар өңірлік деңгейде "Тәуелсіздік ұрпақтары" гранты негізінде 100-ге дейін ұлғайтылады.

Жыл сайын 25 мың адамды қамти отырып, "Жастар практикасы" және "Алғашқы жұмыс орны" жобалары бойынша қатысу ұзақтығы мен еңбекақы төлеу ұлғайтылатын болады.

Жастар мен халықтың осал топтарының 20 мың өкілінің іскерлік бастамаларын іске асыру үшін гранттар мөлшері 400 АЕК-ке дейін екі есеге артады.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

Ағымдағы әлеуметтік процестер мен экономикалық сын-қатерлер жағдайында мемлекеттік басқарудың жаңа моделі "халық үніне құлақ асатын", тиімді және кәсіби мемлекет қағидаттарына негізделуге тиіс.

Бүгінде азаматтық қоғам институттарының рөлі артып келеді, олар қазақстандықтардың белсенділігін күшейтіп, проблемаларды шешу жолдарын ұсынуға тиіс.

Ақпарат саласындағы негізгі басым міндеттер бірыңғай ақпараттық кеңістіктің орнықты жұмыс істеуі мен қауіпсіздігін дамыту және қамтамасыз ету болып табылады.

Экономикалық, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, әскери және басқа да салаларда шынайы және ықтимал қауіп-қатерлерден тиімді түрде қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттің түйінді міндеті болып табылады.

13-міндет. Мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту

Инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды дамыту және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі реформалар заңнамалық деңгейде бекітілетін болады.

Халық, бизнес және инвесторлар ашық кеңістіктік деректермен және цифрлық карталармен қамтамасыз етіледі.

Ыңғайлы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

Электрондық цифрлық қолтаңбаны қосымша бағдарламалық қамтылымсыз пайдалану оңайлатылатын болады.

Елді мекендер санатынан жер беру кезегінің ашықтығы электрондық түрде қамтамасыз етіледі.

Ақпарат саласы

Мемлекеттік органдардың ашық деректеріне сұраныс артады.

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ашықтығы деңгейін арттыру үшін БАҚ-пен жұмысты бағалаудың жаңа өлшемшарттары енгізіледі.

14-міндет. Мемлекеттік саясатта азаматтық қоғамның рөлін арттыру

Азаматтық қоғам саласы

Азаматтарды әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге тарту бойынша волонтерлердің өңірлік фронт-офистерінің жұмысы жандандырылуда.

Мемлекет басшысының бастамалары аясында азаматтық қоғам мен сарапшылардың қатысуымен диалог алаңдары құрылады.

Этносаралық қатынастар саласы

Тілдік және этникалық белгілер бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу жөніндегі шаралар кешені іске асырылатын болады.

Мемлекеттік тілді үйренуді көпшілікке тарату, волонтерлікті, қайырымдылықты, медиацияны дамыту, жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатында ағартушылық және әлеуметтік жобалар іске асырылады.

15-міндет. Құқық қорғау қызметі мен арнайы қызметтердің тиімділігін арттыру

Құқық қорғау органдарының қызметі мемлекет пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастың көптеген проблемаларын шешуде, құқықтық тәртіпті сақтауда, мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде құқықтық көзқарасты қамтамасыз етуге арналған.

Ұлттық қауіпсіздік мүддесі үшін қажетті қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы құралдар мен мүлікті шығару және жеткізу ұйымдастырылады.

Каспий теңізінің қазақстандық секторында ұлттық теңіздегі авариялық-құтқару қызметін құру мәселелері пысықталатын болады.

Халықты, аумақтар мен экономика объектілерін әртүрлі авариялардан, табиғи және техногендік апаттардан қорғауды қамтамасыз ету үшін Ақтөбе қаласында тұрақты әзірлік бөлімшесі (әскери бөлім) құрылатын болады.

Шалғайдағы елді мекендерді қорғау мақсатында өрт сөндіру бекеттері құрылады.

Түйінді көрсеткіштер

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру 2022 жылға арналған мынадай түйінді көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал ететін болады:

- 1) экономиканың 4 % деңгейінде өсуін қамтамасыз ету;
- 2) инфляцияны 4 – 6 %-ға дейін төмендету;
- 3) ЖІӨ-ге шаққанда негізгі капиталға салынатын инвестициялар үлесін 21,3 %-ға дейін ұлғайту;
- 4) тікелей шетелдік инвестициялар көлемін 21,7 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайту;
- 5) ЖІӨ-ге шаққанда ШОБ үлесін 31,3 %-ға дейін жеткізу;
- 6) шикізатқа қатысы жоқ экспорт көлемін 34,7 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу;
- 7) өңдеуші өнеркәсіптің ЖКҚ 11,2 трлн теңгені құрайды;
- 8) кемінде 190 мың, оның ішінде жастар үшін жаңа жұмыс орындарын құру;
- 9) нақты еңбекақыны 6,3 %-ға арттыру.

Бағдарлама осы Бағдарламаға қосымшаға сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай іске асырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

МАЗМҰНЫ

1-тарау. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

1.1 Инфляциямен күрес

1.2 Бюджет саясаты: фискалдық тәртіп және ашықтық

2-тарау. ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ

2.1 Инвестициялық саясат

2.2 Мемлекет иелігінен шығару және жекешелендіру

2.3 Кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту

2.4 Өңірлерді дамыту

2.5 Индустрияландыру, құрылыс және инфрақұрылым

2.6 Агроөнеркәсіптік кешен

2.7 Цифрландыру және байланыс

2.8 Туризм

2.9 Логистика және сауда

2.10 Креативті экономика

2.11 Аэроғарыш қызметі

3-тарау. АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМЫТУ

3.1 Білім беру саласын дамыту

3.2 Ғылымды дамыту

3.3 Денсаулық сақтау саласын дамыту

3.4 Азаматтарды әлеуметтік қолдау

3.5 Еңбек және жұмыспен қамту

3.6 Мәдениет және спорт

3.7 Жастарды мемлекеттік қолдау

3.8 Экологиялық жағдайды жақсарту

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

4.1 Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту

4.2 Қолайлы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

4.3 Азаматтық қоғам саласы

4.4 Этносаралық қатынастар саласы

4.5 Ақпарат саласы

4.6 Құқық қорғау қызметінің және арнайы қызметтердің тиімділігін арттыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасы елдің орта мерзімді кезеңге арналған жаңа экономикалық бағытының сұлбасын айқындайды және экономиканы әртараптандыруға, индустрияландыруға, шикізатқа қатысы жоқ салаларды дамытуға, мемлекет иелігінен алуға, импортқа тәуелділікті азайтуға, кәсіпкерлік пен адами капиталды дамытуға бағытталған.

Бағдарлама мынадай міндеттерді қамтиды:

макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
 экономиканы әртараптандыру және экономиканың барлық салаларында жұмыс орындарын құру;
 инвестицияларды, бәсекелестікті, кәсіпкерлікті, ШОБ-ты ынталандыратын саясатты қабылдау;
 мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту;
 жұмысқа орналастыру, әсіресе жастарды орналастыру мәселелерін шешу;
 азаматтардың сапалы білім алуға және денсаулық сақтауға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету;
 ашықтық пен тиімділікті арттыру мақсатында мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту;
 заңның үстемдігін және азаматтар мен кәсіпкерлердің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с №	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар	Күтілетін нәтиже	Қаржылық қажеттілік
1	2	3	4	5	6	7
1-тарау. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ						
1.1 Инфляциямен күрес						
	Инфляцияны бақылау және төмендету, оның ішінде: импорттық тәуелділікті төмендету; өндірушіден тұтынушыға дейін тиімсіз			ҰЭМ, СИМ, Қаржымині, ИИДМ, ЭМ, АШМ, ЭГТРМ, БҚДА (келісу	инфляцияның 2022 жылы 4 – 6 %-ға дейін, оның ішінде азық-түлік тауарлары бағасы өсуінің – 4,7 – 6,7 %-ға дейін, азық-түлік е м е с тауарлары – 4-6 %-ға дейін, а қылы көрсетілетін	

1.	делдалдардың санын азайту бойынша шаралар кешенін әзірлеп, іске асыру; ақша-кредит саясатының құралдарын пайдалану; ӨМАТ бағасын реттеу және тауарлардың тапшылығына жол бермеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі отырысының хаттамасы	2022 жылғы ақпан	бойынша), ҰБ (келісу бойынша), " Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	қызметтер – 3 – 5 %-ға дейін төмендеуі; 2022 жылы алма, балық, шұжық өнімдері, ірімшік және сүзбе, қант, құс еті бойынша отандық тауарлардың үлесін 89 %-ға дейін жеткізу; автомобиль көлігімен жүктерді отандық тасымалдаушылардың үлесін 30-дан 50 %-ға дейін ұлғайту	талап етілмейді
2.	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру бойынша негізгі нарықтық тетіктерді қолдана отырып, айналым схемасын" қаржыландыруды және тұрақтандыру қорларын қалыптастыруды 140 млрд теңгеге дейін жеткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы желтоқсан	СИМ, АШМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	ӨМАТ бағасын тұрақтандыру; өМАТ бағасын 6 % деңгейінде ұстап тұру; халықты бағасы төмендетілген тауарлармен қамтамасыз ету	жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен
					АШТӨ өнімділігін жыл сайын 135 мың тоннаға ұлғайту, бұл	

3.	Ішкі нарықты отандық тауарлармен молықтыру және халық үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық тауар өткізу жүйесін құрудың 1-кезеңін іске асыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы желтоқсан	СИМ, Бәйтерек" ҰБХ" АҚ (келісу бойынша)	жоба кезеңі үшін 88,5 млрд теңге мөлшеріндегі әсерді болжайды; АШТӨ шығындарын жыл сайын 21 мың тоннаға қысқарту, бұл жоба кезеңі үшін шамамен 16,9 млрд теңгені құрайды; ақталған сауда айналымынан " түсетін салықтық (түсімдерді жоба кезеңі үшін күтілетін 164,3 млрд теңге мөлшеріндегі сомаға ұлғайту; халықтың әлеуметтік маңызы бар тауарларды сатып алуға жұмсайтын шығындарын жоба кезеңі үшін 16,3 млрд астам теңгеге қысқарту; саудада 9 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылатын жаңа жұмыс орындарын құру	қолданыстағы бюджет шеңберінде (МЖӘ жобасы бойынша 9 059 686 мың теңге мөлшерінде)
	Мемлекеттің басым құқығы шеңберінде иеліктен					

4.	шығарылатын шикі және тауарлық газдың жер қойнауын пайдаланушылар қойған бағаны 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін 2021 жылғы желтоқсандағы баға деңгейінде тіркеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы шілде, желтоқсан	Э М, Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	тауарлық газды көтерме " саудада өткізудің шекті бағасын көтеруді барынша азайту	талап етілмейді
5.	Жамбыл ГРЭС-іне 2022 жылға қолданыстағы шарттардан асыра 3, 4 блокты режимде жұмыс істеу үшін 20 510 теңге/мың м ³ бағамен қосымша 515 млн м ³ газ беру	шарт	2022 жылғы ақпан	Э М, QazaqQaz" ҰК" АҚ (келісу бойынша), Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	Алматы қаласы мен Ақмола, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан, Алматы облыстарын қамтамасыз (ету үшін қолданыстағы " тарифті 10,45 теңге/кВтсағ деңгейінде сақтай отырып, 2 млрд кВт сағ көлемінде қосымша электр энергиясын өндіру	талап етілмейді
	Мыналар арқылы сұйытылған мұнай газын жеткізу жоспарын жетілдіру: ЭМ-ге ЭКБ-дан тыс ішкі нарықта сұйытылған мұнай газын бөлу бойынша өкілеттіктер беру;					

6.	<p>СМГ-ны көтерме және бөлшек саудада өткізетін 150-ден астам субъектісі бар ЖАО-ға көтерме және бөлшек саудада өткізу субъектілері арасында сұйытылған мұнай газын бөлу тетігін әзірлеу өкілеттіктерін беру;</p> <p>автогаз құю станцияларына, газ желісі ұйымдарына, газ толтыру пункттеріне, газ толтыру станцияларына ЭСА-дан т а с сұйытылған мұнай газын сатып алу құқығын беру ;</p> <p>бірыңғай көтерме баға белгілеу әдістемесін әзірлеу;</p> <p>сұйытылған мұнай газы бағасының күрт өсуін шектеу тетіктерін енгізе отырып , 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап сұйытылған мұнай газын биржалар</p>	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы*	2022 жылғы сәуір	ЭМ, СИМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	ішкі нарықты сұйытылған мұнай газымен үздіксіз қамтамасыз ету – 2 000 астам АГҚС	т а л а п етілмейді
----	--	--	------------------	--	--	---------------------

	арқылы өткізу арқылы жетілдіру					
7.	<p>Өнімсіз делдалдардың санын азайту мақсатында "</p> <p>Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы " 2011 жылғы 20 шілдедегі № 463-IV Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы жанар-жағармай материалдарын өндіру және бөлу жүйесін реформалау жөніндегі шаралар кешенін іске асыру</p>	Қазақстан Республикасының Заңының жобасы*	2022 жылғы сәуір	<p>ЭМ, СИМ, Қаржымині, ҰЭМ, БҚДА (келісу бойынша), "Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)</p>	<p>өнімсіз делдалдар санын азайту (көтерме саудадағы өнім берушілер бөлігінде)</p>	талап етілмейді
8.	<p>Коммуналдық төлемдерді төлеу кезінде тұрғын үй көмегі тетігін жетілдіру.</p> <p>Коммуналдық төлемдерді төлеу кезінде халықтың мұқтаж санатын жеке топқа бөлу практикасын енгізу</p>	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы шілде, желтоқсан	<p>ИИДМ, Еңбекмині, ҰЭМ</p> <p>ҰЭМ, ИИДМ, Еңбекмині, ЭМ</p>	<p>тұтынушылардың мұқтаж санаты үшін коммуналдық қызметтерге ақы төлеу кезінде жүктемені азайту</p>	талап етілмейді
1.2 Бюджет саясаты:						

**фискалдық
тәртіп және
ашықтық**

<p>9.</p>	<p>Бюджетаралық қатынастарды түбегейлі және кешенді реформалау, оның ішінде: салық түсімдерінің жекелеген түрлерін жергілікті деңгейге беру; ; республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қарсы трансферттерді барынша азайту; республикалық бюджеттен өңірлерге нысаналы даму трансферттерінің бөлу тәсілдерін қайта қарау; жалпы сипаттағы трансферттерді есептеу әдістемесін жетілдіру; 2023 – 2025 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заңдардың жобаларын әзірлеу</p>	<p>Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары</p> <p>Ұ Э М бұйрығы</p>	<p>2022 жылғы желтоқсан</p>	<p>ҰЭМ, мүдделі мемлекеттік органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері</p>	<p>ЖАО үшін өңірлік экономиканы дамытуға қосымша ынталандырулар беру, жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту (алдын ала есептеулер бойынша 25%-ға), өңірлер бюджеттерінің республикалық бюджетке тәуелділігін біртіндеп төмендету</p>	<p>талап етілмейді</p>

10.	<p>Үнемді бюджет саясатының, оның ішінде: шығыстардың өсу қарқынын және Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансферт мөлшерін шектеу жөніндегі контрциклды бюджеттік қағидаларды сақтауды; бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының орнықтылығы туралы талдамалық есепте түйінді бюджеттік коэффициенттердің түбегейлі тізбесін белгілеуді көздейтін тәсілдерін енгізу</p>	<p>Қазақстан Республикасы Заңдарының жобалары</p> <p>бюджеттік тәуекелдер және мемлекеттік қаржының орнықтылығы туралы талдамалық есеп</p>	<p>2022 жылғы тамыз</p>	<p>ҰЭМ, Қаржымині, ҰБ (келісу бойынша)</p>	<p>бюджеттің мұнай түсімдеріне тәуелділігін төмендету және бюджет шығыстарының көлемін тұрақтандыру ;</p> <p>бюджет саясатының тиімділігі мен орнықтылығын бағалау үшін бюджет коэффициенттерін төмендету;</p> <p>мұнайға қатысты емес тапшылық – 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 7,3 %; фискалдык тапшылық – 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 3,1 % ;</p> <p>үкіметтік борыш – 2023 жылы ЖІӨ-ге қатысты 27 % -дан аспайды; Ұлттық қорда азаймайтын қалдықты ЖІӨ-ге қатысты кемінде 30 % мөлшерінде ұстап тұру</p>	<p>талап етілмейді</p>
	<p>Кедендік әкімшілендіруді жетілдіру және цифрландыру, оның ішінде:</p>					

11.	<p>кедендік статистиканың ҚХР-мен алшақтығын барынша азайту; субъектіге бағдарланған тәсілді жетілдіру және деректерді зияткерлік талдауды енгізу; ЕАЭО-ның әкелінген тауарларын қадағалап отыру жөніндегі пилотты іске қосу; "ЭШФ" АЖ виртуалды қоймасы негізінде тауарларды қадағалап отыру тізбегін және тауар балансын құрудың онлайн-визуализациясын енгізу; анық емес кедендік декларациялау үшін жауапкершілікті күшейту</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат</p> <p>Қазақстан Республикасы Заңының жобасы</p>	2022 жылғы желтоқсан	Қаржымині, ҚМА (келісу бойынша), ҰЭМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша), БП (келісу бойынша)	" салықтар мен кедендік төлемдердің жиналуын ұлғайту	талап етілмейді
12.	Бөлінетін бюджет қаражаты мен Ұлттық қор қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын, оның ішінде елдің әлеуметтік-экономикалық	Қазақстан Республикасы		Қаржымині	бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен	талап етілмейді

	жағдайын тұрақтандыру шеңберінде электрондық аудитті кеңейте отырып бақылауды күшейту	н ы ң Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы, маусым, желтоқсан		тиімділігін арттыру	
13.	Кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін талдау құралын енгізу	көрсетілген мемлекеттік қолдау шаралары бойынша деректерді жинау мен талдауды автоматтандыру	2022 жылғы маусым, желтоқсан	Қаржымині, ИИДМ, АШМ, ҰЭМ, ЭМ, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "Даму" қоры" АҚ (келісу бойынша), "Электрондық қаржы орталығы" АҚ (келісу бойынша), мемлекеттік қолдау шараларының операторлары	бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін арттыру	т а л а п етілмейді
2-тарау. ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУ						
2.1 Инвестициялық саясат						
14.	Қоғамдық мониторинг үшін инвестициялық жобаларды жария орналастыруды, сондай-ақ шикізатқа қатысы жоқ секторларда шетелдік инвесторлардың қатысуымен	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	2022 жылғы мамыр, желтоқсан	СІМ, салалық ОМО, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, "KAZAKH	іске асырылған инвестициялық жобалардың санын ұлғайту; өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамытып, кемінде 3000 тұрақты	

	кемінде 35 жобаны пайдалануға беруді қамтамасыз ете отырып, оның бірыңғай пулын қалыптастыру			INVEST" ҰК" АҚ (келісу бойынша), АХҚО (келісу бойынша)	жұмыс орнын құру, бұл елдің экспорттық әлеуетін арттырады	талап етілмейді
15.	Қызметтің басым түрлерінің тізбесіне сәйкестік жөніндегі талапты алып тастау бөлігінде Инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде инвестициялық преференциялар беру құралдарын жетілдіру	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы*	2022 жылғы сәуір	ҰЭМ, СІМ, Қаржымині, салалық ОМО, СЖРА (келісу бойынша), ҰБ (келісу бойынша), "KAZAKH INVEST" ҰК" АҚ (келісу бойынша), "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	көрсетілген шаралар инвестициялық преференциялар беруге және инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде инвесторлардың қарсы міндеттемелерді қабылдауына неғұрлым дәл қадам жасауға, инвестициялық преференциялардың тиімділігін және инвестициялық жобаларды іске асырудан инвестор үшін де, сол сияқты мемлекет үшін де экономикалық пайдалардың теңгерімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді	талап етілмейді
	Берілген барлық пайдаланылм				инвестициялар ағынын	

